	«Өзбекәлі Жәнібекөв атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» ҚЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі	
	Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқу нәтижелерін және кәсіптік біліктілікті тану ережесі	21 беттің 1 беті

«БЕКІТЕМІН»

Өзбекәлі Жәнібекөв
атындағы ОҚПУ Басқарма
төрағасы – Ректордың у.м.а.



Г. Сугирбаева



« 6 » 05 2024 ж.


САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

**ФОРМАЛЬДЫ ЖӘНЕ ФОРМАЛЬДЫ ЕМЕС БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ
АЛЫНҒАН ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІКТІЛІКТІ
ТАНУ**


ЕРЕЖЕСІ

СМЖ ОҚПУ Е 7.31-2024

қызметі	қолы	А.Ж.Т.
Келісілді:		
Стратегиялық жоспарлау және менеджмент бөлімінің басшысы		Калибаева Д.Б.
Заң бөлімінің басшысы		Амирхан М.А.


қызметі	қолы	А.Ж.Т.
Әзірлеген:		
Басқарма мүшесі – Академиялық мәселелер жөніндегі проректордың у.м.а.		Бердалиев Д.Т.

Құжаттың жарамдылық мерзімі: « 6 » 05 2025 ж. « 6 » 05 2024 ж. дейін ұзартылды: « ___ » _____ 20__ г.	Енгізілді: № 12 бұйрық Енгізілген күні: « 6 » 05 2024 ж.	СМЖ ОҚПУ Е 7.31-2024 Басылым 1 Тіркеу № 2 Көшірме № _____
--	---	---

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» ҚЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқу нәтижелерін және кәсіптік біліктілікті тану ережесі	21 беттің 2 беті

Мазмұны

1 Жалпы ережелер	3
2 Формальды білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану тәртібі	6
3 Формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану тәртібі	8
4 Кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану тәртібі	17
5 Бакалавриатта ағылшын тіліндегі сертификаттарды тану.	19
А қосымшасы өзгерістерді тіркеу парағы	21

	<p align="center">«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» ҚЕАҚ</p>	
	<p align="center">Сапа менеджменті жүйесі</p> <p align="center">Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқу нәтижелерін және кәсіптік біліктілікті тану ережесі</p>	<p align="center">21 беттің 3 беті</p>

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-3 - бабының 30) тармақшасына, «Формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 544 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 322 бірлескен бұйрығына сәйкес әзірленді және формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану тәртібін айқындайды.

1.2 Ереже Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің білім алушылардың формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқу нәтижелерін және кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану тәртібін анықтайды.

1.3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:
Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:


1) кәсіптік біліктілік – кәсіп бойынша еңбек функцияларын орындау үшін талап етілетін құзыреттерді меңгеруді сипаттайтын кәсіптік даярлық дәрежесі;

2) кәсіптік біліктілікті тану – кандидаттың кәсіптік стандарттардың талаптарына, ал олар болмаған кезде – біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалау және ол туралы шешім қабылдау рәсімі;

3) кәсіптік біліктілікті тану орталығы (бұдан әрі – Тану орталығы) – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аккредиттелген, кәсіптік біліктілікті тануды жүзеге асыратын заңды тұлға;

4) кәсіптік біліктілікті тану туралы құжат – кандидаттың кәсіптік біліктілігінің белгілі бір кәсіп бойынша еңбек функцияларын орындауға қойылатын талаптарға сәйкестігін куәландыратын құжат;

5) оқыту нәтижелері – білім алушылардың білім беру бағдарламасын меңгеру бойынша алған, көрсететін білімінің, іскерліктерінің,

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» ҚЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқу нәтижелерін және кәсіптік біліктілікті тану ережесі	21 беттің 4 беті

дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қарым-қатынастар;

б) формальды емес білім беру – оқыту орны, мерзімдері мен нысаны ескерілмей, білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдар жоспарлаған, ұйымдастырған және жүзеге асыратын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат беріле отырып, жүргізілетін білім беру түрі.

1.4. Бұл Ереже формальді білім беру нәтижелерін тануда келесі жағдайларда қолданылады:

- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім негізінде білім алғаннан кейін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары (бұдан әрі - БББ) бойынша Университетке оқуға түсу;

- НЗМ түлектерін оқуға қабылдау;

- Қазақстандағы және/немесе шетелдегі жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарынан Университетке ауыстыру және қайта қабылдау;

- Университет білім алушысын бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне ауыстыру;

- Университет білім алушысын бір тіл бөлімінен екіншісіне ауыстыру;

- бұрын университетте оқыған адамдарды қайта қабылдау;

- Жоғары орнынан кейінгі білім беру ұйымдарынан Университетке ауыстыру және қайта, қабылдау;

- академиялық демалыстан шығу;

- академиялық ұтқырлықты жүзеге асыру;


- бірлескен ББ, қос дипломды ББ жүзеге асыру;

- бакалавриат курстарында ағылшын тілі сертификаттарын тану;

- бакалавриат курстарында мемлекеттік тіл туралы сертификаттарды тану;

1.5 Университетте формальді және формальді емес білім берудің, кәсіптік біліктілік, микробіліктіліктің оқу нәтижелерін тану қайта кредиттеу түрінде жүзеге асырылады.

1.6 Осы Ереже университеттің оқу процесіне қатысатын барлық құрылымдық бөлімшелері үшін міндетті болып табылады.

	<p align="center">«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» ҚЕАҚ</p>	
	<p align="center">Сапа менеджменті жүйесі</p> <p align="center">Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқу нәтижелерін және кәсіптік біліктілікті тану ережесі</p>	<p align="center">21 беттің 5 беті</p>

1.7 Ережеде қолданылатын негізгі ұғымдар:

1.7.1 **кәсіптік біліктілікті тану туралы құжат** - үміткердің кәсіби біліктілігінің белгілі бір кәсіп бойынша еңбек функцияларын орындауға қойылатын талаптарға сәйкестігін куәландыратын құжат;

1.7.2 **Жаппай ашық онлайн курс (ЖАОК)** - қашықтан білім беру формаларының бірі, e-learning технологияларын және Интернет арқылы ашық қолжетімділікті пайдалана отырып, жаппай интерактивті қатысумен оқыту курсы;

1.7.3 **тәлімгер** - ЖАОК курстарын қолдауға жауапты оқытушы, оның міндеттеріне білім алушылардың жоспарланған оқу нәтижелерін меңгеру деңгейін анықтау үшін емтихандық тапсырмаларды, викториналарды және тест тапсырмаларын дайындау кіреді; Coursera/басқа сыртқы онлайн оқыту платформаларында межелік және қорытынды бағаларды шығару; ЖАОК платформасында оқу кезінде білім алушыларға ұйымдастыру мәселелері бойынша көмек көрсету; кафедра меңгерушісі мен университетте қашықтықтан оқыту жүйесінде оқытуды ұйымдастыруға жауапты тұлғаны білім алушылардың курсты аяқтау жағдайы туралы хабардар ету; білім алушылар топтарының эдвайзерлерімен өзара әрекеттесу;


1.7.4 **микробіліктілік** - белгілі бір еңбек функцияларын орындауға мүмкіндік беретін қысқа мерзімді оқудан кейін алынған білім, дағдылар мен құзыреттер жиынтығы.

1.8 Ережеге өзгертулерді «Өзгертулерді тіркеу парағында» міндетті түрде белгілеу арқылы АІД директоры енгізеді (А қосымшасы).

2. Формальды білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану тәртібі

2.1. Білім алушының алдыңғы оқу деңгейлерінде және формальды білім берудің басқа ұйымдарында қол жеткізген оқу нәтижелері мен алған оң бағаларын университет академиялық кредиттерді қайта санау арқылы дербес таниды.

2.2. Техникалық және кәсіптік білімнің, орта білімнен кейінгі білімнің, сондай-ақ жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының базасында - "кіруде" екінші жоғары білімді алу барысында жоғары білімнің білім беру бағдарламасының бейінінің жоғары, техникалық және кәсіптік

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» ҚЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі	21 беттің 6 беті
Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқу нәтижелерін және кәсіптік біліктілікті тану ережесі		

білімнің немесе орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламасымен сәйкес және (немесе) мәндес келген жағдайда, формальды білім берудің алдыңғы деңгейінің оқыту нәтижелері автоматты түрде танылады, меңгерілген академиялық кредиттер саны мен оқу мерзімі қысқартылады.

2.3. Білім алушының ауысуы немесе қайта қабылдануы кезінде және академиялық ұтқырлық шеңберінде басқа жоғары оқу орындарында толық көлемде игерген және транскрипспен расталған оқыту нәтижелерін, білім алушының оң бағаларын және игерген академиялық кредиттерін университет міндетті тәртіпте қайта есептейді. Ол үшін оқыту нәтижелерін қайта есептеу комиссиясы құрылады.

2.4. Комиссия құрамына білім беру бағдарламаларының жетекшілері, тәжірибелі профессор-оқытушылар және Тіркеу офисінің қызметкері кіретін мүшелердің тақ санынан тұрады.

2.5. Комиссия мүшелерінің ішінен көпшілік дауыс беру арқылы комиссияның қызметін басқаратын комиссия төраға сайланады, ол болмаған жағдайда оның міндетін төрағаның орынбасары атқарады.

Комиссия хатшысының функцияларын комиссия мүшесі болып табылмайтын білім беру ұйымының маманы орындайды.


2.6. Комиссияның шешімі еркін нысандағы хаттамамен ресімделеді.

2.7. Меңгерілген кредиттерді қайта есептеу – білім беру бағдарламаларын, меңгерілген пәндер тізбесінің мазмұнын, олардың көлемін, алынған білімді, білікті, дағдылар мен құзыреттерді, сондай-ақ оқыту нәтижелерін салыстыру негізінде жүргізіледі.

2.8. Оқу пәндері бойынша меңгерілген кредиттерді қайта есептеу кезінде қорытынды бақылау нысанындағы айырмашылық ескерілмейді.

Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларына сәйкес сынақ ең төменгі D (1,0; 50-54%) және ең жоғарғы A (4,0; 95-100%) аралығындағы диапазонда төрт балдық жүйе бойынша сандық эквивалентке сәйкес білім алушының оқу жетістіктерін бағалаудың әріптік жүйесіне теңестіріледі.

2.9. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде білім алушының кредиттерін қайта есептеу (трансфер) – отандық немесе шетелдік білім беру ұйымының құжаты (транскрипт) негізінде Platonus жүйесінде оның кредитін осы пәндер немесе зерттеу жұмыстары бойынша бағаларын енгізе отырып, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ білім беру бағдарламасының оқу жоспарына сәйкес басқа оқу орнында оқыған/өткізілген пәндер/зерттеу жұмыстарының көлемі мен мазмұнының баламалылығын таниды.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» ҚЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі	21 беттің 7 беті
Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқу нәтижелерін және кәсіптік біліктілікті тану ережесі		

2.10. Кредиттерді қайта есептеуді ресімдеуді білім алушының өтініші, растайтын құжаттары және оқыту нәтижелерін қайта есептеу комиссиясының хаттамасы негізінде Тіркеу офисі жүзеге асырады.

2.11. Оқыту нәтижелерін қайта есептеу комиссиясы оқылған пәндердің көлемі мен мазмұнының немесе жүргізілген зерттеу жұмыстарының Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ оқу жоспарының талаптарына сәйкестігін объективті түрде анықтауға жауапты.

3. Формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану тәртібі


3.1. Формальды емес білім беру бағдарламасын білім алушы (тыңдаушы) формальды емес (қосымша) білім беру қызметтерін көрсететін ұйымдарда және (немесе) формальды білім беру ұйымдарында (оқу орны бойынша не өзге де білім беру ұйымдарында) игереді.

3.2. Білім беру ұйымдарында формальды емес оқыту нәтижелерін тану формальды емес білім беру бағдарламасы мазмұнының және (немесе) оқыту нәтижелерінің білім беру бағдарламасының білім алушысы (тыңдаушысы) меңгеретін оқу пәнінің немесе модульдің мазмұнына және (немесе) оқыту нәтижелеріне сәйкестігін бағалау негізінде жүзеге асырылады.

3.3. Формальды емес білім беру бағдарламасы мазмұнының және (немесе) оқыту нәтижелерінің оқу пәнінің немесе модульдің мазмұнына және (немесе) оқыту нәтижелеріне сәйкестігін бағалау оқытудың тұжырымдалған нәтижелерін және салыстырылатын бағдарламалардың құзыреттерін, олардың көлемін (академиялық сағаттарда және (немесе) академиялық кредиттерде), оқыту мақсаттарын, оқу жетістіктерін (білімдерін) бағалауды салыстыру жолымен жүргізіледі.

3.4. Бағдарламалардың көлемін салыстыру кезінде білім беру бағдарламасының бір академиялық кредитінің бастапқы еңбек сыйымдылығы үшін - техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында – 24 академиялық сағат және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында – 30 академиялық сағат қабылданады.

3.5. Формальды емес білім беру оқыту нәтижелерін тану кезінде салыстырымдылықты қамтамасыз ету үшін білім алушылардың

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» ҚЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі	21 беттің 8 беті
Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқу нәтижелерін және кәсіптік біліктілікті тану ережесі		

(тыңдаушылардың) оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне негізделген формальды емес (қосымша) білім берудегі білімді, дағдылар мен құзыреттерді бағалау жүйесі қолданылады.

Формальды емес білім берудің оқу жетістіктері мен білімдерін бағалаудың басқа жүйелерін қолдану кезінде университет бағаларды балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесіне ауыстыру шкаласын әзірлейді.


3.6. Формальды емес білім берудің оқу нәтижелері мен құзыреттерін салыстыру бағдарламалардың мазмұнын, олардың мақсаттары мен толықтығын зерделеу арқылы оқу пәнінің силлабусын немесе білім беру бағдарламасының модулін қамтуды жүзеге асырады.

3.7. Формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерін растайтын құжат "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың түрлерін, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, сондай-ақ білім беру ұйымдарында білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтаманың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10348 болып тіркелген) нысан бойынша берілетін кәсіптік даярлау туралы куәлік болып табылады.

Куәліктің көлемі (академиялық кредиттерде және (немесе) сағаттарда) және бағалары көрсетіле отырып, бағдарламаның зерделенген курстарының, оқу пәндерінің (модульдерінің) атаулары көрсетілетін еркін нысаны мен қосымшасы болады.

3.8. Формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерін тану үшін университет басшысының (ректорының) немесе оны алмастыратын адамның бұйрығымен Формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерін тану жөніндегі Комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) қызметі және оның құрамы туралы ереже бекітіледі.

Комиссия құрамына білім беру ұйымының академиялық, басқару персоналының өкілдері, оқытушылары, сондай-ақ өндірістік оқыту

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» ҚЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі	21 беттің 9 беті
Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқу нәтижелерін және кәсіптік біліктілікті тану ережесі		

шеберлері (техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында) кіретін 7 (жеті) адамнан аспайтын мүшелердің тақ санынан тұрады.

3.9. Комиссия төрағасы мен төрағаның орынбасары Комиссияның бірінші отырысында оның мүшелері арасынан көпшілік дауыспен ашық дауыс беру арқылы сайланады.

Комиссия төрағасы Комиссия қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, Комиссия отырыстарын өткізеді. Комиссия төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын төрағаның орынбасары орындайды.

Комиссия хатшысының функцияларын Комиссия мүшесі болып табылмайтын білім беру ұйымының маманы орындайды.

3.10. Білім алушы (тыңдаушы) формальды емес білім берудің оқыту нәтижесін (нәтижелерін) тану үшін академиялық кезеңнің басталуына дейін 10 (он) жұмыс күн ішінде Комиссияның қарауына мынадай құжаттарды ұсынады:


- 1) Комиссия төрағасының атына еркін нысанда формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін тану туралы өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін растайтын құжат (куәлік).

3.11. Комиссия алынған құжаттарды сараптама жүргізу үшін 3 (үш) жұмыс күн ішінде сараптама тобына жібереді (сараптама қорытындысы).

3.12. Сараптама тобының құрамы университет басшысының (ректорының) немесе оны алмастыратын тұлғаның бұйрығымен бекітіледі, оған білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін өндірістік қызмет саласының тәжірибелі оқытушылары мен практикалық қызметкерлері кіреді.

3.13. Сараптама тобы құжаттарды 5 (бес) жұмыс күні ішінде формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерінің білім беру ұйымының білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелеріне сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

Қарау нәтижелері бойынша формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерінің білім алушы (тыңдаушы) меңгеретін білім беру бағдарламасының оқу нәтижелеріне, бағдарламаның мақсаттарына,

	<p align="center">«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» ҚЕАҚ</p>	
	<p align="center">Сапа менеджменті жүйесі</p> <p align="center">Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқу нәтижелерін және кәсіптік біліктілікті тану ережесі</p>	<p align="center">21 беттің 10 беті</p>

бағдарлама көлеміне және бағалауға сәйкестігін міндетті түрде бағалай отырып, еркін нысанда сараптамалық қорытынды жасалады.

Осы сараптамалық қорытынды қарау және шешім қабылдау үшін Комиссияға беріледі.

3.14. Комиссияның шешімі отырысқа қатысушы Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады және хаттамамен еркін нысанда ресімделеді.

3.15. Комиссия отырысының хаттамасынан үзінді көшірмені Комиссия хатшысы меңгерілген оқу пәндері (модульдері), бағдарламалары туралы мәліметтерді олардың атауын, академиялық кредиттердегі көлемін және (немесе) сағатын, бағалауын және формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерін білім алушының (тыңдаушының) транскриптіне қайта есептеу туралы көрсете отырып енгізу үшін оқу бөліміне (техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында) немесе тіркеуші кеңсесіне (жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында) береді.

3.16. Білім алушы (тыңдаушы) келесі академиялық кезеңдерде қайта есептелген оқу пәндерін (модульдерін) оқудан босатылады.

3.17. ЖАОК-та оқу нәтижелерін тану тәртібі.

3.17.1. ЖАОК бойынша ОН тану үшін Университет шарт жасасқан сыртқы білім беру платформаларының немесе лицензияларын ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі берген ЖАОК тары қолданылады.


3.17.2. Шығарушы кафедра ББ-ның нақты пәні бойынша қайта есептеуге ұсынылатын ЖАОК тізімін жасайды және жыл сайын жаңартады.

3.17.3. Университетте ЖАОК бойынша ОН тану үшін мыналар қарастырылады:

- міндетті ЖАОК - ББ оқу жоспарының пәндеріне сәйкес келетін шығарушы кафедра тандаған онлайн курстар;

- білім алушының тандауы бойынша ЖАОК - ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі ұсынған онлайн курстары ішінен.

3.17.4. Университетте қолданылатын ББ-на ЖАОК біріктіру үлгілері:

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» ҚЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқу нәтижелерін және кәсіптік біліктілікті тану ережесі	21 беттің 11 беті

- пәнге енгізу үлгілері: «Пәнді ЖОАК-қолдау», «Аралас оқыту «+ЖАОК»;

- пәнді ауыстыру үлгілері: «Аралас оқыту «ЖАОК+», «Тек ЖАОК».

3.17.5. «Пәнді ЖОАК-қолдау» үлгісі: ЖАОК пәнге қосымша материал ретінде оны дәстүрлі түрде студенттің өзіндік жұмысы ретінде (бұдан әрі СӨЖ), «төңкерілген сынып» технологиясын қолдана отырып немесе қолданбай пайдаланылады. ЖАОК оқуға міндетті емес, бірақ оны меңгеруді оқытушы формативті бағалау арқылы ЖАОК бойынша ОН игерілуін тексергеннен кейін қосымша балл қою арқылы ынталандырады.

3.17.5. «Аралас оқыту «+ЖАОК» моделі: аудиториялық сабақтарды (негізінен дәрістерді) ішінара ауыстыру, сондай-ақ ағымдағы аттестаттау бағдарламасында оқыған ЖАОК білім алушысынан (тыңдаушысынан) міндетті сұрақтармен ағымдағы аттестаттау үшін формативті жиынтық бағалау арқылы ЖАОК бойынша ОН меңгеруін тексергеннен кейін «төңкерілген сынып» технологиясын қолдану/қолданусыз ЖАОК жекелеген тақырыптарын ішінара қайта есептеу.

3.17.6. «ЖАОК+ аралас оқыту моделі»: дәрістерді, практикалық және семинарлық сабақтарды ішінара сақтай отырып ЖАОК пайдалану, сондай-ақ ағымдағы аттестаттау және қорытынды бақылау бағдарламаларында оқыған ЖАОК білім алушысынан (тыңдаушысынан) міндетті сұрақтармен ағымдағы аттестаттау және қорытынды бақылау үшін жиынтық бағалау арқылы ЖАОК-да ОН пайдалану.


3.17.7. «Тек ЖАОК» моделі: пәнді толық ауыстыру. Оқу семестрі басталғанға дейін ЖАОК-пен пәнді толық ауыстыру үшін

Университет ЖАОК-тардың мазмұнын талдайды:

- ЖАОК оқу нәтижелері және ауыстырылатын пән оқу нәтижелерімен

академиялық кредиттер санының сәйкестігін анықтайды;

- ЖАОК сағат саны жеткіліксіз болған жағдайда сағаттар санын толықтыру үшін оқу нәтижелері сәйкес келетін қосымша ЖАОК таңдалады.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» ҚЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқу нәтижелерін және кәсіптік біліктілікті тану ережесі	21 беттің 12 беті

Оқу семестрі басталғанға дейін білім алушылар таңдалған ЖАОК-қа тіркелуі қажет. ЖАОК-пен толық ауыстыруға жататын пән оқытушысы білім алушылар үшін тәлімгер болып тағайындалады.

Оқытушы білім алушыға ЖЖОКБҰ бағалау талаптарына сәйкес баға қояды.

3.17.8. Оқу пәнін толық көлемде қайта есептеу үшін білім алушы (тыңдаушы) шығарушы кафедраның ЖАОК тізбесінен бір немесе бірнеше онлайн курстарды зерделеуі қажет.

3.17.9. Университет оқудың барлық кезені үшін жалпы академиялық кредиттердің 20%-нан аспайтын жалпы сомасында ЖАОК арқылы алынған ОН тани алады.


3.17.10. Оқу пәнінің немесе модульдің және (немесе) ЖАОК ОН-нің және (немесе) ОН-не сәйкестігін бағалау, салыстырылатын бағдарламалардың тұжырымдалған ОН мен құзыреттерін, олардың көлемін (академиялық сағаттарда және (немесе) кредиттерде), оқу мақсаттарын, оқу жетістіктерін (білімдерін) бағалауды салыстыру жолымен, сондай-ақ университет бекіткен пән бойынша қорытынды бақылау формаларын пайдалана отырып, ЖАОК менгеруін міндетті тексеру арқылы жүзеге асады.

3.17.11. ЖАОК ОН тану үшін білім алушы (тыңдаушы) академиялық кезең басталғанға дейін 10 жұмыс күні бұрын Комиссияның қарауына келесі құжаттарды ұсынады:

- Комиссия төрағасының атына еркін формада ЖАОК үшін ОН тану туралы өтініш;
- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- ЖАОК үшін ОН растайтын құжат (куәлік/сертификат/бейресми білім алуға арналған ресми платформалардағы сертификаттар мен құжаттарға сілтемелер).

3.17.12. Комиссия келіп түскен құжаттарды 3 (үш) жұмыс күні ішінде сараптама (сараптама қорытындысы) үшін сараптама тобына жібереді.

3.17.13. Сараптамалық топ 5 (бес) жұмыс күні ішінде құжаттарды ЖАОК ОН-нің Университеттің БББ ОН талаптарына сәйкестігін қарайды.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» ҚЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқу нәтижелерін және кәсіптік біліктілікті тану ережесі	21 беттің 13 беті

3.17.14. Сараптаманың нәтижелері бойынша Сараптамалық топ ЖАОК бойынша ОН-нің БББ білім алушысының (тыңдаушысы) игеретін ОН-мен сәйкестігін, бағдарламаның мақсаттары, бағдарламаның көлемінің сәйкестігін міндетті бағалаумен сараптамалық қорытынды жасайды.

3.17.15. Сараптамалық қорытынды келесі шешімдердің бірін қарау және қабылдау үшін Комиссияға беріледі:

- ЖАОК-те алынған ОН-ін растамау;

- оқу пәні бойынша оқу жоспарында көрсетілгенге сәйкес университетте бекітілген қорытынды бақылау түрін тағайындау, оның нәтижелері бойынша ОН қайта есептеу туралы шешім қабылдануы мүмкін.

3.17.16. Комиссия ЖАОК ОН-ін білім алушының транскриптіне ОН қойып тану туралы ешқашан біржақты шешім қабылдамайды. ЖАОК үшін ОН оқу пәні бойынша оқу жоспарында көрсетіліп, сәйкесінше Университет бекіткен формалар мен платформалар бойынша қорытынды бақылаудан кейін ғана қайта кредиттеледі.


3.17.17. Комиссияның шешімі отырысқа қатысушы Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады және еркін формадағы хаттамамен ресімделеді.

3.17.18. Егер Комиссия ЖАОК бойынша алынған ОН-ін танымау туралы шешім қабылдаса, Комиссия отырысы хаттамасынан үзінді көшірмесі Комиссия хатшысы арқылы факультет деканына және шығарушы кафедраға беріледі.

3.17.19. Білім алушы (тыңдаушы) келесі академиялық кезеңдерде оқу пәндерін (модульдерін) оқудан босатылмайды.

3.17.20. Егер Комиссия оқу пәні бойынша оқу жоспарында көрсетілгенге сәйкес Университетте бекітілген қорытынды бақылау түрін тағайындау туралы шешім қабылдаса, оның нәтижелері бойынша ОН ЖАОК-ке ауыстыру туралы шешім қабылдануы мүмкін, хаттамадан үзінді көшірме қорытынды бақылауды ұйымдастыру үшін шығарушы кафедраға беріледі.

3.17.21. Егер ЖАОК бойынша оқытудың ОН тану рәсімі жүзеге асырылса, онда қорытынды бақылау бағдарламасында міндетті түрде ЖАОК бойынша білім алушы (тыңдаушы) оқыған сұрақтар болуы керек.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» ҚЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқу нәтижелерін және кәсіптік біліктілікті тану ережесі	21 беттің 14 беті

3.17.22. Егер оқу жоспарында берілген пән бойынша жеке тапсырманы орындау қарастырылса (курстық жұмыс/жоба, реферат, есептік жұмыс, бақылау жұмысы және т.б.), онда білім алушы (тыңдаушы) тақырыптар тізімімен таныстырылады. Сондай-ақ білім алушы (тыңдаушы) бағалау критерийлерімен және апелляция ережелерімен таныстырылады.

3.17.23. Білім алушыға (тыңдаушыға) қорытынды бақылауға дайындалу үшін (әр пән бойынша) 10 жұмыс күніне дейін және таңдаған тақырыбын/жеке тапсырма нұсқасын (бар болса) орындау үшін 20 жұмыс күніне дейін уақыт беріледі. Дайындық кезені білім алушымен (тыңдаушымен) талқыланады.

3.17.24. Қорытынды бақылау нәтижелері бойынша тиісті оқу пәні бойынша баға білім алушының (тыңдаушының) транскриптіне 100 балдық шкала бойынша баллдармен, цифрлық эквивалентті әріптік жүйемен (Он бағалар «А» -дан «D» -ға дейін және «қанағаттанарлықсыз» - «FX» және «F») ECTS шкаласы бойынша енгізіледі.

3.17.25. Оқу пәнін қайта есептеу жағдайында білім алушының (тыңдаушының) құжаттарына (транскрипт және т.б.) мыналар кіреді: пәннің атауы, жалпы сағат/кредит саны, баға және бағаны қайта қоюдың негізі. (ЖАОК сертификаты, Комиссия отырысы хаттамасының нөмірі). Білім алушы (тыңдаушы) кейінгі академиялық кезендерде қайта кредиттелген оқу пәндерін (модульдерін) оқудан босатылады.


3.17.26. Қорытынды бақылауды сәтті тапсырған жағдайда білім алушы (тыңдаушы) келесі семестрлерде қайта кредиттелген оқу пәнін оқудан босатылады.

3.17.27. Егер білім алушы (тыңдаушы) 50 баллдан аз алса, ЖАОК арқылы алған ОН танылмайды.

3.17.28. Дайындық жұмыстарын ескере отырып, барлық қайта есептеу процедурасы жаңа академиялық кезенді қоса алғанда 3-ші аптаға дейін аяқталуы тиіс.

3.18. Микробіліктілікті тану тәртібі. ОН тағайындалған микробіліктілікті тану мына мақсаттар үшін жүзеге асырылады:

- еңбек қызметін жүзеге асыру құзыреттілігін растау: ОН микробіліктілігін сертификаттау немесе еңбек нарығының талаптарымен

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» ҚЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқу нәтижелерін және кәсіптік біліктілікті тану ережесі	21 беттің 15 беті

белгіленген, алынған құзыреттерді бағалаудың басқа формалары арқылы тануға болады;

-академиялық мақсаттарға кредиттерді қайта тапсыру (оқыту): басқа оқу орнында немесе басқа оқу жоспарына сәйкес оқытылатын пән мазмұнының баламалылығын тану тәртібі, бекітілген және қолданыстағы ББ жұмыс оқу жоспарының пәнін (курсты, модульді) қоса отырып, кредиттердегі көлемі және білім алушының транскриптіндегі алған бағасы.

3.18.1 Микробіліктілік бағдарламаларының ОН тану үшін бір академиялық кредиттің бастапқы еңбек сыйымдылығына кемінде 30 академиялық сағат қабылданады.

Білімді, білік пен дағдыны бағалау жүйесі білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне негізделген, академиялық кредиттерді тағайындауды көздейтін 10 (он) оң бағаны («А»-дан «D»-ге дейін) қамтиды және түзетуге болатын «FX» бағасы және академиялық кредит берілмеген «F» бағасы.

3.18.2 Сағат және (немесе) кредиттер бойынша орындалған курстың көлемі көрсетілген оқуды аяқтағаны туралы куәлік немесе сертификат микробіліктілік бағдарламасының ОН растайтын құжат болып табылады.

3.18.3 Микробіліктілік бағдарламасының ОН тану үшін білім алушы (тыңдаушы) академиялық кезең басталғанға дейін 10 жұмыс күні бұрын Комиссияның қарауына келесі құжаттарды ұсынады:


- Комиссия төрағасының атына еркін формада ЖАОК үшін ОН тану туралы өтініш;

- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

- ЖАОК үшін ОН растайтын құжат (куәлік/сертификат/бейресми білім алуға арналған ресми платформалардағы сертификаттар мен құжаттарға сілтемелер).

3.18.4 Комиссия келіп түскен құжаттарды 3 (үш) жұмыс күні ішінде сараптама (сараптама қорытындысы) үшін сараптама тобына жібереді.

3.18.5 ОН-ны тану үшін Сараптамалық топ өтініш берушінің білім, дағды және құзыреттілік деңгейін анықтау үшін сұхбат жүргізеді. Әңгімелесу нәтижелері бойынша Сараптамалық топ хаттаманы және сараптама тобының қорытындысын Комиссияға жібереді.

	<p align="center">«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» ҚЕАҚ</p>	
	<p align="center">Сапа менеджменті жүйесі</p> <p align="center">Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқу нәтижелерін және кәсіптік біліктілікті тану ережесі</p>	<p align="center">21 беттің 16 беті</p>

3.18.6. Комиссия ОН тану немесе бас тарту туралы шешім қабылдайды.

3.18.7. ОН комиссиясының шешімімен жетекші шетелдік және отандық ұйымдардың микробіліктілік бағдарламалары автоматты түрде танылуы мүмкін.

3.18.8. Комиссияның шешімі Комиссия отырысына қатысушылардың жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады және еркін формадағы хаттамамен ресімделеді. Шешім оң болған жағдайда Комиссия отырысының хаттамасынан үзінді көшірмені Комиссия хатшысы білім алушының транскриптіне қосу үшін Тіркеуші офиске береді.

4. Кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану тәртібі

4.1. Кәсіптік біліктілік нәтижелерін тануды Тану орталығы берген кәсіптік біліктілікті тану туралы құжат негізінде білім беру ұйымдары жүзеге асырады.

Кәсіптік біліктілікті тануды Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 6 қыркүйектегі № 374 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33387 болып тіркелген) бекітілген Кәсіптік біліктілікті тану қағидаларына сәйкес тану орталықтары жүзеге асырады.

4.2. Кәсіптік біліктілік нәтижелерін тану үшін білім беру ұйымының бірінші басшысының (ректорының) немесе оны алмастыратын адамның бұйрығымен Формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерін тану жөніндегі Комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) қызметі және оның құрамы туралы ереже бекітіледі.

4.3. Комиссия құрамына білім беру ұйымының академиялық, басқару персоналының өкілдері, оқытушылары, сондай-ақ өндірістік оқыту шеберлері (техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында) кіретін 7 (жеті) адамнан аспайтын мүшелердің тақ санынан тұрады.

4.4. Комиссия төрағасы мен төрағаның орынбасары Комиссияның бірінші отырысында оның мүшелері арасынан көпшілік дауыспен ашық дауыс беру арқылы сайланады.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» ҚЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқу нәтижелерін және кәсіптік біліктілікті тану ережесі	21 беттің 17 беті

Комиссия төрағасы Комиссия қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, Комиссия отырыстарын өткізеді. Комиссия төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын төрағаның орынбасары орындайды.

Комиссия хатшысының функцияларын Комиссия мүшесі болып табылмайтын білім беру ұйымының маманы орындайды.

4.5. Білім алушы (тыңдаушы) кәсіптік біліктілік нәтижелерін тану үшін академиялық кезеңнің басталуына дейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Комиссияның қарауына мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) Комиссия төрағасының атына еркін нысанда формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін тану туралы өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) тану орталығы берген кәсіптік біліктілікті тану туралы растайтын құжат.

4.6. Комиссия алынған құжаттарды сараптама жүргізу үшін 3 (үш) жұмыс күні ішінде сараптама тобына жібереді (сараптама қорытындысы).


4.7. Сараптама тобының құрамы білім беру ұйымының бірінші басшысының (ректорының) немесе оны алмастыратын тұлғаның бұйрығымен бекітіледі, оған білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін өндірістік қызмет саласының тәжірибелі оқытушылары мен практикалық қызметкерлері кіреді.

4.8. Сараптама тобы құжаттарды 5 (бес) жұмыс күні ішінде кәсіптік біліктілік нәтижелерінің білім беру ұйымының білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелеріне сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

Қарау нәтижелері бойынша кәсіптік біліктілік нәтижелерінің білім алушы (тыңдаушы) меңгеретін білім беру бағдарламасының оқу нәтижелеріне, бағдарламаның мақсаттарына, бағдарлама көлеміне және бағалауға сәйкестігін міндетті түрде бағалай отырып, еркін нысанда сараптамалық қорытынды жасалады.

Сараптамалық қорытынды қарау және шешім қабылдау үшін Комиссияға беріледі.

4.9. Комиссияның шешімі отырысқа қатысушы Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады және хаттамамен еркін нысанда ресімделеді.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» ҚЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқу нәтижелерін және кәсіптік біліктілікті тану ережесі	21 беттің 18 беті

4.10. Комиссия отырысының хаттамасынан үзінді көшірмені комиссия хатшысы меңгерілген оқу пәндері (модульдері), бағдарламалары туралы мәліметтерді олардың атауын, академиялық кредиттердегі көлемін және (немесе) сағатын, бағалауын және кәсіптік біліктілік нәтижелерін білім алушының (тыңдаушының) транскриптіне қайта есептеу туралы көрсете отырып енгізу үшін оқу бөліміне (техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында) немесе тіркеуші кеңсесіне (жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында) береді.

4.11. Кәсіптік біліктілік нәтижелерін тану үшін білім алушы (тыңдаушы) келесі академиялық кезендерде қайта есептелген оқу пәндерін (модульдерін) оқудан босатылады.

Кәсіптік біліктілікті тану нәтижелері білім алушының (тыңдаушының) транскриптіне енгізіледі.


5.Бакалавриатта ағылшын тіліндегі сертификаттарды тану.

5.1.«Ағылшын тілі» пәні бойынша түсу емтиханын тапсыру нәтижесі ретінде университетке жоғары білім ББ (бакалавриат) түсу кезінде ағылшын тілі бойынша халықаралық емтихандардың нәтижелері есептелуі мүмкін.

5.2. Ағылшын тілі бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерінің ағылшын тілін меңгеру деңгейлеріне, әріптік жүйелердің бағаларына, ECTS бағаларына, дәстүрлі бағалау шкаласына сәйкестік кестесі.

Халықаралық стандартталған тест IELTS (АЙЛТС) балдарын "Шет тілі (ағылшын)" пәні балдарына ауыстыру шкаласы

№	Тест түрі	Балдар	Оқу жетістіктерін бағалаудың дәстүрлі бағалар шкаласына және ECTS аударылған балдық-рейтингтік әріптік жүйесі			
			Балдар (%-тік құрамы)	Әріптік жүйе бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
1	IELTS (АЙЛТС)	9.0	95-100	A	4,0	Өте жақсы
2		8.5				
3		8.0	90-94	A-	3,67	
4		7.5				
5		7.0				

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» ҚЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі	21 беттің 19 беті
Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқу нәтижелерін және кәсіптік біліктілікті тану ережесі		

6	6.5	85-89	B+	3,33	Жақсы
7	6.0				

Халықаралық стандартталған тест TOEFL iBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), TOEFL iTP (ТОЙФЛ АЙТИПИ) балдарын "Шет тілі (ағылшын)" пәні балдарына ауыстыру шкаласы "Шет тілі (ағылшын)" пәні бойынша балы

№	Тест түрі	Балдар	Оқу жетістіктерін бағалаудың дәстүрлі бағалар шкаласына және ECTS аударылған балдық-рейтингтік әріптік жүйесі			
			Балдар (%-тік құрамы)	Әріптік жүйе бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
1	TOEFL iBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ)	110-120	90-94	A-	3,67	Өте жақсы
2		87-109	85-89	B+	3,33	Жақсы
1	TOEFL iTP (ТОЙФЛ АЙТИПИ)	620-677	90-94	A-	3,67	Өте жақсы
2		543-619	85-89	B+	3,33	Жақсы


5.3. Білім алушы(тыңдаушы) тілді меңгеру деңгейіне тестілеу нәтижесін тану/мойындау үшін Комиссияның қарауына мынадай құжаттарды ұсынады:

- комиссия төрағасының атына еркін формада формальді емес білім берудің ОН-ін тану туралы өтініш;
- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- формальді емес білім берудің ОН-ін растайтын құжат (сертификат, куәлік және т.б.).

5.4. Комиссия алынған құжаттарды 3 (үш) жұмыс күні ішінде сараптама жүргізу үшін сараптама тобына жібереді (сараптама қорытындысы).

5.5. Сараптамалық топ 5 (бес) жұмыс күні ішінде құжаттарды формальді емес білім берудің ОН-не білім беру ұйымының ББ бойынша оқыту нәтижесіне сәйкестігін қарайды.

5.6. Сараптама нәтижелері бойынша формальді емес білім берудің ОН-нің білім алушы (тыңдаушы) меңгеретін ББ ОН-не сәйкестігін,

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» ҚЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқу нәтижелерін және кәсіптік біліктілікті тану ережесі	21 беттің 20 беті

бағдарламаның мақсаттарын, бағдарлама көлемі мен бағалауды міндетті түрде бағалай отырып, еркін формада сараптамалық қорытынды жасалады.

5.7. Сараптамалық қорытынды қарау және шешім қабылдау үшін Комиссияға беріледі.

5.8. Комиссия шешімі отырысқа қатысушы Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады және хаттамамен еркін формада ресімделеді.

5.9. Комиссия отырысының хаттамасынан үзінді көшірмені комиссия хатшысы менгерілген оқу пәндері (модульдері), бағдарламалары туралы, олардың атауын, академиялық кредиттердегі және (немесе) сағаттардағы көлемін, бағасын көрсете отырып, мәліметтерді енгізу және формальді емес білім берудің оқыту нәтижесін білім алушының (тыңдаушының) транскриптіне қайта есептеу үшін Тіркеу офисіне береді.

5.10. Білім алушы (тыңдаушы) келесі академиялық кезеңдерде қайта есептелген оқу пәндерін (модульдерін) оқудан босатылады.

5.11. Дайындық жұмыстарын ескере отырып, қайта есептеудің барлық процедурасы жаңа академиялық кезеңнің 3-ші аптасына дейін аяқталуы керек.

А Қосымшасы (міндетті)

Өзгерістерді тіркеу парағы

№	Өзгерту туралы хабарламаның нөмірі	Өзгерістерді бекіту күні	Бұл құжатқа өзгеріс енгізілді		
			Өзгерісті енгізетін тұлғаның аты-жөні	Қолы	Күні

